"2020-2022 жылдарға арналған Көларық ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 360 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 494 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қарашада № 7773 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Көларық ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 360 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7123 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Көларық ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 50967 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2727 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 48240 мың теңге;

2) шығындар – 51166 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -199 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 199 мың теңге.".

2-тармақ жаңа мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) әкім аппараттары қызметін қамтамасыз ету шығындарына 234 мың теңге.".

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс LXV сессиясының төрағасы *А. ОРЫМБАЕВ*

Мәслихат хатшысының міндетін атқарушы *Қ. МАМБЕТЖАН*

Қазалы аудандық мәслихатының
2020 жылғы 28 қазаны № 494
шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының
2019 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 360 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Көларық ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			1. Кірістер	50967
1			Салықтық түсімдер	2727
	01		Табыс салығы	143
		2	Жеке табыс салығы	143
	04		Меншікке салынатын салықтар	2584
		1	Мүлікке салынатын салықтар	22
		3	Жер салығы	353
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2209
4			Трансферттердің түсімдері	48240
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	48240
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	48240
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			

		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	51166
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	29812
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	29812
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	29403
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	409
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5552
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5552
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2961
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	500
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2091
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	15802
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15802
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	15802
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0

			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-199
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	199
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	199
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	199
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	199

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК